

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВ

ВЕДОМСТВЕННЫЙ НОРМАТИВ

**АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН КҮТПІ-ҰСТАУ ЖҰМЫСТАРЫН
ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДІЛІГІ**

ҚР ВН 6.1-002-2025

**ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕДЕНИЯ РАБОТ ПО СОДЕРЖАНИЮ
АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

ВН РК 6.1-002-2025

Ресми басылым

Издание официальное

Астана 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВ

**АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН КҮТПІ-ҰСТАУ ЖҰМЫСТАРЫН
ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДІЛІГІ**

ҚР ВН 6.1-002-2025

Ресми басылым

Астана 2025

Кіріспе

- | | |
|---|--|
| 1 ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ
 ЕНГІЗДІ | «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты»
акционерлік қоғамы («ҚазжолҒЗИ» АҚ) |
| 2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ
 ҚОЛДАНЫСҚА
 ЕНГІЗІЛДІ | Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің
Автомобиль жолдары комитеті төрағасының
«18» қарашадағы 2025 жылғы № 119 бұйрығымен |
| 3 КЕЛІСІЛДІ | «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» акционерлік
қоғамы «21» қазандағы 2025 жылғы
№ Исх. 09-01/09-01/3662-И

ШЖҚ РМК «Жол активтерінің ұлттық сапа
орталығы»
«13» қарашадағы 2025 жылғы № Исх. 03/726 |
| 4 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛГДІ | |

Құжатты нормативтік техникалық құжаттардың Бірыңғай мемлекеттік қорынан (<https://new-shop.ksm.kz/egfntd/ntdgo/>), сондай-ақ «RNBase» электрондық деректер базасынан (<https://rnbase.qazjolgzi.kz/>) көруге болады.

Осы ведомстволық нормативті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара ресми басылым ретінде көшіруге, таратуға және басып шығаруға болмайды.

Мазмұны

1	Қолдану саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Жалпы ережелер	2
5	Бөлінген алапты, жерасты қабаты мен су бұру жүйесін күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізу мерзімділігі	6
6	Жолдарды күтіп-ұстау және жайластыру, байланыс және жарықтандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезеңділігі	11
7	Жол қозғалысын қозғалысы ұйымдастыру, жол қозғалысын қозғалысы ұйымдастырудың техникалық құралдары (ЖҚҰТҚ) және жолдардың белсенді және пассивті қауіпсіздігі инфрақұрылымы бойынша жұмыстарды жүргізу кезеңділігі - не корректный перевод	14
8	Жасанды құрылыстар бойынша жұмыстар жүргізу кезеңділігі	16
9	Көпір құрылыстары мен туннельдер бойынша жұмыстар жүргізу кезеңділігі	18
10	Инженерлік-техникалық жүйелердің элементтеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың кезеңділігі	22
11	Жол сервисі нысандары және олардың қызметтеріне қойылатын талаптар бойынша жұмыстар жүргізу кезеңділігі	30
12	Автомобиль жолдары мен ондағы құрылыстарды көгалдандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезеңділігі	32
13	Жол активтерін басқару жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезеңділігі	33

1 Қолдану саласы

Осы ведомстволық норматив елді мекендердің көшелерінен басқа, жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарына қолданылады және автомобиль жолдары мен ондағы жасанды құрылыстардың нормативтік пайдалану жағдайын, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оларды күтіп-ұстау жұмыстарының мерзімділігін жоспарлауға қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

Ведомстволық нормативтің пайдаланушылары мыналар болып табылады:

- автомобиль жолдарын басқару жөніндегі Ұлттық оператор (бұдан әрі – Ұлттық оператор);
- автомобиль жолдарын басқарушылар;
- автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жұмыстарын орындауға белгіленген ұйымдар мен жеке тұлғалар.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ведомстволық нормативті қолдану үшін келесі стандарттау жөніндегі сілтемелік құжаттар мен нормативтік-техникалық құжаттар қажет:

ҚР СТ 1053-2011 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1124-2019 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол таңбалары. Жіктелуі. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1412-2017 Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдары. Қолдану ережелері.

ҚР СТ 1912-2023 Автомобиль жолдары және көшелер. Пайдалану күйінің нормалары мен талаптары.

ҚР СТ 2607-2015 жол жұмыстары орындалатын орындарда қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдары. Негізгі параметрлер. Қолдану ережелері.

ГОСТ 32953-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жол таңбалары. Техникалық талаптар.

ГОСТ 33180-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жазғы күтіп-ұстау деңгейіне қойылатын талаптар;

ГОСТ 33181-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Қысқы күтіп-ұстау деңгейіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 33220-2015 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Пайдалану жағдайына қойылатын талаптар.

ГОСТ 33388-2015 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Диагностика мен паспорттау жүргізуге қойылатын талаптар.

ҚР ВН 6.1-001–2024 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстау.

ҚР ВН 7.1-001-2025 Диагностикалау және паспорттау .

ҚР ВН 1.6-002-2025 Автомобиль жолдарының құрылымдық элементтерінің, оның ішінде салу, реконструкциялау, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуден кейінгі жол жағдайының жөндеуаралық мерзімдерін белгілеу.

ҚР ВЕЖ 7.1-002-2025 Автомобиль жолдарындағы көлік ағынының қарқындылығын есепке алу және болжау.

ҚР ВЕЖ Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Автожол туннельдерін күтіп-ұстау (Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Жол комитеті төрағасының 2024 жылғы 4 қазандағы № 124 бұйрығымен бекітілген).

ҚР ЕР 218-19-2023 Көктемгі және күзгі тексеру кезінде автомобиль жолдарын күтіп-ұстау сапасын бағалау жөніндегі нұсқаулық .

ҚР ЕР 218-19/1-01 Ай сайынғы тексерулер кезінде жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын күтіп ұстау сапасын бағалау бойынша нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-21-2021 Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-29-2017 Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі техникалық ережелері.

Ескерту - Осы ведомстволық нормативті пайдалану кезінде сілтемелік нормативтік құжаттардың өзектілігін ағымдағы жылға арналған ақпараттық тізбелер мен көрсеткіштер және ай сайын шығарылатын ақпараттық бюллетеньдер арқылы тексеру ұсынылады. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы ведомстволық нормативті басып шығару кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер құжат ауыстырусыз жойылса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы ведомстволық нормативте келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады - ҚР СТ 1053, ГОСТ 33180, ГОСТ 33181, ГОСТ 33220, [1], сондай-ақ төменде келтірілген тиісті анықтамалары бар терминдер:

3.1 Жоспарлы-жөндеу жұмыстары (ЖЖЖ): Құрылыстардың ұзақ мерзімділігін (қызмет ету мерзімін) қамтамасыз ету мақсатында ақауларды жою, қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін жеке элементтерді ауыстыру, инженерлік жүйелердің жабдықтарын алмастыру және қалпына келтіру арқылы конструкцияларды қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешені.

3.2 Жұмыстарды жүргізу мерзімділігі: Автомобиль жолының элементін күтіп-ұстау жөніндегі жылдық жұмыс көлемінің осы элементтің санына қатынасын сипаттайтын көрсеткіш; бұл көрсеткіш бүтін сан, пайыз немесе элементтің өлшем бірлігіне белгіленген жұмыс көлемі түрінде көрсетілуі мүмкін.

3.3 Жолдарды күтіп-ұстау деңгейі: Жол объектілерінің нақты жағдайының олардың техникалық жай-күйіне және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылған талаптарға сәйкестік дәрежесін көрсететін жиынтық көрсеткіш.

4 Жалпы ережелер

4.1 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстауды ұйымдастыру бойынша жұмыстарға басшылық пен үйлестіру келесідей жүзеге асырылады:

- халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарында – Ұлттық оператор;
- облыстық және аудандық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарында – облыстар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары.

4.2 Автомобиль жолдарын және ондағы құрылыстарды күтіп-ұстау, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен басқару жөніндегі жұмыстар жыл бойы үздіксіз жүргізіледі және жобалық құжаттаманы әзірлеуді талап етпейді.

4.3 Автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарды күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстар көктемгі, жазғы және күзгі кезеңдерде күтіп-ұстауға, қысқы күтіп-ұстауға, жолдарды көгалдандыруға, автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарды пайдалануды басқаруға, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бөлінеді.

4.4 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жолдарды басқарушы ұйымдар жүзеге асырады.

4.5 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау кезінде жедел басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін жолдарды басқарушы ұйымдар тәулік бойы жұмыс істейтін диспетчерлік қызметтің жұмысын қамтамасыз етеді, оның мақсаты – ауа райы мен климаттық және жол жағдайлары туралы ақпаратты жинау, талдау, қабылдау және беру.

4.6 Автомобиль жолдарын басқарушы ұйымдар келесілерді қамтамасыз етуі тиіс:

- [1] және осы ведомстволық норматив талаптарына сәйкес автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жұмыстарын ұйымдастыруды;
 - ҚР ВЕЖ «Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Автожол туннельдерін күтіп-ұстау» ережесіне сәйкес туннельдерді күтіп-ұстау жұмыстарын ұйымдастыруды;
 - [2], [3], [4] талаптарына сәйкес жылдың кез келген мезгілінде автомобиль жолдарын пайдалануда жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;
 - ГОСТ 33220, ҚР ЕР 218-19, ҚР ЕР 218-29, ҚР ЕР 218-31 құжаттарына сәйкес автомобиль жолдарын көктемгі-жазғы-күзгі күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды және талаптарды сақтауды;
 - ГОСТ 33220 және ҚР ВН 6.1-001 құжаттарына сәйкес қысқы кезеңде автомобиль жолдарын күтіп-ұстау мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды және талаптарды сақтауды;
 - ҚР ЕР 218-21 құжатына сәйкес автомобиль жолдарын күтіп-ұстау кезінде қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтауды;
 - ҚР СТ 1412 және ҚР СТ 2607 стандарттарына сәйкес жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын (бұдан әрі – ЖКРТҚ) орнату арқылы автомобиль жолдары пайдаланушыларын қозғалыс жағдайлары туралы уақтылы хабардар етуді;
 - мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға қажетті ақпаратты беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды;
 - автомобиль жолдарын күтіп-ұстау бойынша барлық жұмыс түрлеріне арналған технологиялық карталардың уақтылы әзірленуін бақылауды, оларды қарау мен бекітуді.
- 4.7 Жолдың құрылымдық элементтері мен жол құрылыстарының пайдалану жағдайы кез келген метеорологиялық жағдайда ГОСТ 33220 талаптарына сәйкес болуы тиіс.
- 4.8 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын күтіп-ұстау сапасын бағалау ҚР ЕР 218-19 және ҚР ЕР 218-19/1 құжаттарының негізінде жүргізіледі.
- 4.9 Автомобиль жолдарын және ондағы жол құрылыстарын күтіп-ұстау бойынша жұмыстардың құрамын [5] құжатына сәйкес айқындайды.
- 4.10 Автомобиль жолдарының элементтерін және ондағы жасанды құрылыстарды күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың мерзімділігі, егер пайдалану құжаттамасында олардың күтіп ұсталуы бойынша мерзімділік көрсетілсе, сол пайдалану құжаттамасына сәйкес белгіленеді.
- 4.11 Осы нормативте келтірілмеген, бірақ автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жұмыстарының жіктелуіне сәйкес анықталатын жол элементтері мен жасанды құрылыстарды күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың мерзімділігі, автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жобаларында белгіленеді және ол ҚР СТ 1912 стандартының автомобиль жолдарының және ондағы жасанды құрылыстардың элементтерінің пайдалану жағдайына және жол қозғалысы қауіпсіздігіне қойылатын нормативтік талаптарын қамтамасыз ету шарты негізінде айқындалады.
- 4.12 Автомобиль жолдарын және ондағы жасанды құрылыстарды күтіп-ұстау жұмыстарын жоспарлау үшін мерзімділік осы нормативте Қазақстан Республикасының екі климаттық аймағы бойынша белгіленген, олар көктемгі–жазғы–күзгі (К–Ж–К) және қысқы (Қ) кезеңдердің ұзақтығын ескере отырып 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Климаттық аймақтар

Климаттық аймақ	Климаттық аймақтарға кіретін өңірлер	Көктемгі–жазғы–күзгі (К–Ж–К) кезеңнің ұзақтығы, күн	Қысқы (Қ) кезеңнің ұзақтығы, күн
1- климаттық аймақ	Алматы, Шымкент қалалары; Алматы облысы, Атырау облысы, Жамбыл облысы, Жетісу облысы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы, Түркістан облысы	265	100
2- климаттық аймақ	Астана қаласы, Абай облысы, Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Батыс Қазақстан облысы, Қарағанды облысы, Қостанай облысы, Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Ұлытау облысы	215	150

4.13 Осы ведомстволық норматив автомобиль жолдарын және олардағы жасанды құрылыстарды күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізудің кезеңділігін белгілейді, олар үшін жөндеу аралық мерзімдер және тозу қабаттарын, жол жамылғыларының қорғаныш қабаттарын және беттік өңдеулерін салу кезеңділігі сақталған.

4.14 Аралық жөндеу мерзімдері және/немесе тозу қабаттарын, қорғаныш қабаттарын және жол жамылғыларының беттік өңдеулерін салу мерзімділіктері сақталмаған автомобиль жолдарының учаскелерінде жұмыстардың жүргізілу мерзімділігі автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жобаларында белгіленеді және ол автомобиль жолдарының және ондағы жасанды құрылыстардың элементтерінің пайдалану жағдайына және жол қозғалысы қауіпсіздігіне қойылатын нормативтік талаптарды қамтамасыз ету шарты негізінде айқындалады.

4.15 Автомобиль жолдарының және ондағы жасанды құрылыстардың элементтерінің пайдалану жағдайына қойылатын талаптар ГОСТ 33220, ГОСТ 33180, ГОСТ 33181, ҚР СТ 1912 стандарттарында белгіленген. Егер автомобиль жолдарының және ондағы жасанды құрылыстардың элементтерінің пайдалану жағдайы аталған стандарттар талаптарына сәйкес келмесе, анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі жұмыстар ГОСТ 33220 және ҚР СТ 1912 стандарттарында белгіленген мерзімдерде жүргізілуі тиіс және бұл жұмыстар осы нормативте көрсетілген мерзімділікке тәуелді болмайды.

4.16 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың мерзімділігін жол санаты мен қозғалыс қарқындылығына қарай айқындау кезінде түзету коэффициенттері қолданылады, олар 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – Түзету коэффициент

Көлік қозғалысының қарқындылығы	Автомобиль жолының санаты		
	1-санат	2-санат	3-5-санаттар
2 000 авт/тәулік аз	0,75	0,60	0,50
2 000 авт/тәулік бастап - 7 000 авт/тәулік дейін	1,00	0,80	0,50
7 000 авт/тәулік бастап -10 000 авт/тәулік дейін	1,10	0,90	0,75
10 000 авт/тәулік бастап - 20 000 авт/тәулік дейін	1,25	1,10	0,80
20 000 авт/тәулік астам	1,50	1,25	1,00
Ескерту - Жұмыс мерзімділігін анықтау мақсатында қозғалыс қарқындылығының мәні бір тәулікке келетін көліктер санымен қолданылады.			

4.17 Облыс орталықтарына, халқы 300 мың адамнан асатын республикалық маңызы бар қалаларға кіреберіс жолдарда, елді мекендер арқылы өтетін, курорттық аймақтардағы, халықаралық әуежайларға және мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттеріне кіреберіс автомобиль жолдарында күтіп-ұстау жұмыстарының жүргізілу мерзімділігі келесі ұзындықтағы учаскелер үшін белгіленеді:

- елді мекендер арқылы өтетін жолдар – елді мекендердің шегінде;
- курорттық аймақтар арқылы өтетін жолдар – атқарушы билік органдарының нормативтік актілерімен айқындалған курорттық аймақтардың шегінде;
- халықаралық әуежайларға кіреберіс жолдар – кіреберіс жолдардың бүкіл ұзындығында;
- мемлекеттік шекара арқылы өтетін автомобиль өткізу пункттеріне кіреберіс жолдар – 1 км-ден аспайтын аралықта;
- облыс орталықтарына және республикалық маңызы бар қалаларға кіреберіс жолдар – халық санына байланысты:

- 1) 300 мың адамға дейін – 10 км-ден аспайды;
- 2) 300 мыңнан 1,0 млн адамға дейін – 30 км-ден аспайды;
- 3) 1,0 млн адамнан астам – 50 км-ден аспайды.

4.18 Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау бойынша жұмыстардың жүргізілу мерзімділігі көрсеткіші (1) формуласы бойынша айқындалады:

$$\text{ППР} = \frac{\text{СР}}{n \times k} \quad (1)$$

мұнда ППР – жұмыстарды жүргізу мерзімділігі, ол 1 рет / есептік күн саны ретінде белгіленеді. Болжалды күн санының көрсеткіші бүтін санмен алынады және жоғары қарай жуықтанады, арифметикалық ережелер қолданылмайды;

СР – жұмыстарды жүргізудің маусымдылығы, мұнда (Ж)=365, ал (К–Ж–К) және (К) көрсеткіштері климаттық аймаққа байланысты 1-кесте бойынша айқындалады;

n – айналым көрсеткіші;

k – көлік қозғалысының қарқындылығы мен автомобиль жолының санаттылығын ескеретін түзету коэффициенті, ол 2-кестеге сәйкес белгіленеді.

Мысал

«Жол жабынын қоқыстан, шаңнан және кірден тазалау, бөгде заттарды жинау» жұмыстарының жүргізілу мерзімділігін есептеу қажет.

Бастапқы деректер:

Автомобиль жолының санаты мен жабын түрі – 1-санаттағы цементбетон жабыны бар жол.

Жол учаскесіндегі көлік қозғалысының қарқындылығы – тәулігіне 8 600 автомобиль.

Географиялық орналасуы – 1 - климаттық аймақ .

Бұл ретте: CP = 265; n = 176; k = 1,10..

$$\text{ППР} = \frac{265}{176 \times 1,10} = 2$$

Осылайша, «Жол жабынын қоқыстан, шаңнан және кірден тазалау, бөгде заттарды жинау» жұмыстарының жүргізілу мерзімділігі қарастырылып отырған учаскеде әрбір 2 күн сайын орындалады.

4.19 Жол жабынының тозу қабаттарын, қорғаныш қабаттарын және үстіңгі қабатын өңдеу мерзімділігі ҚР ВН 1.6-002-2025 «Автомобиль жолдарының құрылымдық элементтерінің, оның ішінде салу, реконструкциялау, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуден кейінгі жол жағдайының жөндеуаралық мерзімдерін белгілеу» құжатына сәйкес белгіленеді.

4.20 Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялаудан, күрделі, орта және ағымдағы жөндеуден кейінгі жол жағдайын қоса алғанда, автомобиль жолдарының құрылымдық элементтері бойынша жұмыстарды жүргізу мерзімділігі ҚР ЕР 218-144 құжатына сәйкес белгіленеді.

4.21 Көлік ағынының қозғалыс қарқындылығын есепке алу жөніндегі жұмыстарды жүргізу мерзімділігі ҚР ВЕЖ 7.1-002-2025 «Автомобиль жолдарындағы көлік ағынының қозғалыс қарқындылығын есепке алу және болжау» ережесіне сәйкес белгіленеді.

4.22 Автомобиль жолдарын (оның ішінде жасанды құрылыстарды) диагностикалау және паспорттау жөніндегі жұмыстардың жүргізілу мерзімділігі ҚР ВН 7.1-001-2025 «Диагностика және паспорттау» және ГОСТ 33388 құжаттарына сәйкес белгіленеді.

4.23 Жолдар мен жол құрылыстарын уақтылы күтіп-ұстау жұмыстарын қамтамасыз ету мақсатында олардың күн сайынғы көзбен шолып тексеруі патрульдеу тәсілімен, соның ішінде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан түнгі уақытта да жүзеге асырылады.

5 Бөлінген алапты, жерасты қабаты мен су бұру жүйесін күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізу мерзімділігі

5.1 Бөлінген алапты, жерасты қабаты мен су бұру жүйесін күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізу мерзімділігі белгіленген пайдалану талаптарына сәйкес айқындалады. Жұмыстардың тізбесі келесі топтарға бөлінеді:

- жерасты қабаты мен су бұру жүйесі бойынша – 3-кестеде келтірілген;
- жол жиектері мен бөлінген алап бойынша – 4-кестеде келтірілген;
- цементбетон жамылғысы бар жүру бөлігі бойынша – 5-кестеде келтірілген;
- асфальтобетон жамылғысы бар жүру бөлігі бойынша – 6-кестеде келтірілген;
- ауыспалы, топырақты және жақсартылған топырақты жамылғысы бар жүру бөлігі бойынша – 7-кестеде келтірілген.

5.2 Жерасты қабаты мен су бұру жүйесін күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізу мерзімділігі жерасты қабатының орнықтылығын, судың үздіксіз бұрылуын және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты айқындалады.

5.3 Жол жиектері мен бөлінген алапты күтіп-ұстау бойынша жұмыстардың мерзімділігі автомобиль жолының техникалық санатына байланысты белгіленуі тиіс.

3-кесте – Жерасты қабаты мен су бұру жүйесі бойынша жұмыстар

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Жерасты қабаты мен бөлінген алапты (оның ішінде жасанды құрылыстарда, көпірлерде, туннельдерде және оларға кіреберіс учаскелерде) мерзімді тексеру, ақауларды, бұзылуларды және қалыпты жағдайдан ауытқуларды анықтау	Ж	12	
Көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін материалды қоса отырып немесе қоспай, жол жиектері мен бермаларды кесу және тегістеу	К–Ж–К	10	8
Жеке элементтерді ауыстыру және жаңа материалды қолдану арқылы жер асты қабатының, су бұру жүйелерінің, қорлардың, бермалардың, қорғаныс, нығайтқыш және реттеуші құрылыстардың жеке зақымдануын түзету	Ж	6/8	
Жол төсемесінің үйіндісін нығайтудың баламалы әдістері	Ж	2	
Судың ағуын қамтамасыз ету үшін тегістеу	Ж	4	
Су бұрғыш арықтарды көктемде қардан, ал жазда тасынды қоқыстан тазалау, тиеу, шығару және жоюға тапсыру	К–Ж–К	6	5
Жол жиектерінде және ісінгіш учаскелерде кептіру шұңғырларын қазу және толтыру	Ж	2	
Опырылулардан, көшкіндерден және селден тазарту	К–Ж–К	8	6
Үйіндіні су алып кету жерлерін жою және шұңқырларды толтыру	К–Ж–К	8	6
Ескерту – Бөлігште халық саны 300 мың адамнан асатын қалаларға, әкімшілік орталықтарға кіреберіс жолдарда, елді мекендер арқылы өтетін учаскелерде, курорттық аймақтарда, халықаралық әуежайларға және мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттеріне кіреберіс жолдарда жүргізілетін жұмыстардың мерзімділігі көрсетілген.			

4-кесте – Жол жиектері мен бөлінген алап бойынша жұмыстар

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Жол жиектері мен бөлінген алапты (оның ішінде жасанды құрылыстарда, көпірлерде, туннельдерде және оларға кіреберіс учаскелерде) мерзімді тексеру, ақауларды, бұзылуларды және қалыпты жағдайдан ауытқуларды анықтау	Ж	12	
Геоторлардан және балама материалдардан жасалған еңістің жеке зақымдануын түзету	Ж	6/8	

4-кестенің соңы

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Материал қоспай жол жиектері мен бөлінген алапты, топырақ бермаларын орналастыру	К–Ж–К	10	8
Жол құрылыс материалдарын пайдалана отырып жол жиегін, жекелеген учаскелерде жол бойы белдеуін және бермдерді толтыру, кесу және тегістеу	К–Ж–К	8	6
Жол жиектері мен бөлінген алапты шаңнан, кірден, қоқыстан және бөгде заттардан тазалау, оларды тиеу және жою үшін шығару	К–Ж–К	176	142
Ескерту – Бөлгіште халық саны 300 мың адамнан асатын қалаларға, әкімшілік орталықтарға кіреберіс жолдарда, елді мекендер арқылы өтетін учаскелерде, курорттық аймақтарда, халықаралық әуежайларға және мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттеріне кіреберіс жолдарда жүргізілетін жұмыстардың мерзімділігі көрсетілген.			

5-кесте – Цементбетон жамылғысы бар жүру бөлігі бойынша жұмыстар

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Жол жамылғысын (оның ішінде жасанды құрылыстарда, көпірлерде және туннельдерде) мерзімді тексеру, ақауларды, бұзылуларды және қалыпты жағдайдан ауытқуларды анықтау	Ж	12	
Жүру бөлігін қоқыстан, шаңнан және ластан тазалау, бөгде заттардан тазарту	К–Ж–К	176	142
Көшелердің жүру бөлігінің науаларын сыпыру (оның ішінде осьтік және қордағы жолақтарды) және топырақ-күм шөгінділерден тазалау	К–Ж–К	5/10	3/7
Жол таңбасын жағу	Ж	(2)	
Апаттық-қауіпті учаскелерді маршруттық тәсілмен жөндеу (ісінулерді жою, негіздер мен жамылғыларды, шұңқырларды жөндеу, жарықшақтарды толтыру, тегістеу қабатын орнату, жол жиектерін нығайту, жамылғыларды беттік өңдеу)	К–Ж–К	6/12	4/8
Ұсақ деформациялар мен зақымдануларды жою (шұңқырларды, шөгінділерді бітеу), жиектерді, біртұтас ұсақ ісінулерді, жол жамылғыларының шұңқырларын жөндеу	К–Ж–К	10/15	8/12

5-кестенің соңы

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Тозған беткі сегменттерді қалпына келтіру (жеке тақталарды тегістеу немесе ауыстыру, тақталардың ұсақ жарылуы мен сынуын ерте кезеңде жөндеу, жабынды тозу және коррозиядан қорғау, геометрияны қалпына келтіру, деформациялық жіктерді герметизациялау)	К–Ж–К	6/12	4/8
Цементбетон жамылғысын ылғалдың, ауаның және күн радиациясының енуінен оқшаулау, атмосфералық әсерлерден бұзылған битумды қалпына келтіру, жамылғылардың суға төзімділігін сақтау және қалпына келтіру үшін жасартқыш сұйықтықтарды қолдану	Ж	(0,33)	
Жол бөлігін фрикциялық, химиялық және басқа да көктайғаққа қарсы материалдармен өңдеу, кейіннен оларды жол бөлігінен қажетті уақыттан кейін алып тастау	Қ	5/8	8/12
Жүру бөлігінің жабынын (нығайтылған жол жиектері мен бөлгіш жолақтарды қоса алғанда) көктайғаққа қарсы материалдармен алдын алу мақсатында өңдеу	Қ	4	8
Тайғақ жерлерге қысқа мерзімді жол белгілерін орнату	Қ	(1)	
Жолдарды патрульдік тазалау, жолдарды қар үйінділерінен тазалау, жолдың қар жамылғысын пішіндеу, жол жиектеріндегі, беткейлер мен қар жамылғыларын шығару	Қ	45	100
Ескертпелер: 1 Бөлгіште халық саны 300 мың адамнан асатын қалаларға, әкімшілік орталықтарға кіреберіс жолдарда, елді мекендер арқылы өтетін учаскелерде, курорттық аймақтарда, халықаралық әуежайларға және мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттеріне кіреберіс жолдарда жүргізілетін жұмыстардың мерзімділігі көрсетілген. 2 Жақша ішіндегі айнымалы көрсеткіш түзету коэффициентін қолдану арқылы түзетілмейді. 3 Қысқы кезеңде (Қ) орындалатын жұмыстар бойынша айнымалы көрсеткіштер (n) жоспарлы болып табылады және олар ҚР ВН 6.1-001 құжатына сәйкес диспетчерлік қызмет деректері мен ауа райы болжамы негізінде түзетілуге жатады.			

5.4 Цементбетон жамылғысы бар жүру бөлігін күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың мерзімділігі жол жамылғысының тазалығын және жарамды күйін қамтамасыз ету, ақаулар мен зақымданулардың пайда болуының алдын алу, сондай-ақ қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында белгіленеді. Жолдарды таңбалау жұмыстары ҚР СТ 1124 және ГОСТ 32953 талаптарына сәйкес орындалады.

6-кесте - Асфальтбетон жамылғысы бар жүру бөлігі бойынша

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Жол жамылғысын (оның ішінде жасанды құрылыстарда, көпірлерде және туннельдерде) мерзімді тексеру, ақауларды, бұзылуларды және қалыпты жағдайдан ауытқуларды анықтау	Ж	12	
Жүру бөлігін қоқыстан, шаңнан және ластан тазалау, бөгде заттардан тазарту	К–Ж–К	176	142
Көшелердің жүру бөлігінің науаларын сыпыру (оның ішінде осьтік және қордағы жолақтарды) және топырақ-құм шөгінділерден тазалау	К–Ж–К	5/10	3/7
Жол таңбасын жағу	Ж	(2)	
Апаттық-қауіпті учаскелерді маршруттық тәсілмен жөндеу (ісінулерді жою, негіздер мен жамылғыларды, шұңқырларды жөндеу, жарықшақтарды толтыру, тегістеу қабатын орнату, жол жиектерін нығайту, жамылғыларды беттік өңдеу)	К–Ж–К	6/12	4/8
Ұсақ деформациялар мен зақымдануларды жою (шұңқырларды, шөгінділерді бітеу), жиектерді, біртұтас ұсақ ісінулерді, жол жамылғыларының шұңқырларын жөндеу	К–Ж–К	10/15	8/12
Тозған беткі қабатты қалпына келтіру (жамылғының үстіңгі өңдеуін, қорғаныш қабаттарын және тозу қабаттарын төсеу)	К–Ж–К	6/12	4/8
Асфальтобетон жамылғысын ылғалдың, ауаның және күн радиациясының енуінен оқшаулау, атмосфералық әсерлерден бұзылған битумды қалпына келтіру, жамылғылардың суға төзімділігін сақтау және қалпына келтіру үшін жасартқыш сұйықтықтарды қолдану	Ж	(0,33)	
Жол бөлігін фрикциялық, химиялық және басқа да көктайғаққа қарсы материалдармен өңдеу, кейіннен оларды жол бөлігінен қажетті уақыттан кейін алып тастау	Қ	5/8	8/12
Жүру бөлігінің жабынын (нығайтылған жол жиектері мен бөлгіш жолақтарды қоса алғанда) көктайғаққа қарсы материалдармен алдын алу мақсатында өңдеу	Қ	4	8
Тайғақ жерлерге қысқа мерзімді жол белгілерін орнату	Қ	(1)	

6-кестенің соңы

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Жолдарды патрульдік тазалау, жолдарды қар үйінділерінен тазалау, жолдың қар жамылғысын пішіндеу, жол жиектеріндегі, беткейлер мен қар жамылғыларын шығару	Қ	45	100
Ескертпелер 1 Бөлігште халық саны 300 мың адамнан асатын қалаларға, әкімшілік орталықтарға кіреберіс жолдарда, елді мекендер арқылы өтетін учаскелерде, курорттық аймақтарда, халықаралық әуежайларға және мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттеріне кіреберіс жолдарда жүргізілетін жұмыстардың мерзімділігі көрсетілген. 2 Жақша ішіндегі айнымалы көрсеткіш түзету коэффициентін қолдану арқылы түзетілмейді. 3 Қысқы кезеңде (Қ) орындалатын жұмыстар бойынша айнымалы көрсеткіштер (n) жоспарлы болып табылады және олар ҚР ВН 6.1-001 құжатына сәйкес диспетчерлік қызмет деректері мен ауа райы болжамы негізінде түзетілуге жатады.			

5.5 Асфальтобетон жамылғысы бар жүру бөлігін күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың мерзімділігі жол жамылғысының жарамды күйін сақтау, ақаулар мен зақымдануларды уақтылы жою, жабынның беріктігі мен су оқшаулағыш қасиеттерін сақтау және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында белгіленеді. Жолдарды таңбалау жұмыстары ҚР СТ 1124 және ГОСТ 32953 талаптарына сәйкес орындалады.

7-кесте – Ауыспалы, топырақты және жақсартылған топырақты жамылғысы бар жүру бөлігі бойынша жұмыстар

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Тиісті материалды қосу немесе қоспай, жабынның бейінін қалпына келтіру және тығыздау	К-Ж-К	(2)	(2)
Жабынды шаңнан сумен шаңсыздандыру	К-Ж-К	6	4
Ескерту – Жақша ішіндегі айнымалы көрсеткіш түзету коэффициентін қолдану арқылы түзетілмейді.			

5.6 Ауыспалы, топырақты және жақсартылған топырақты жамылғысы бар жүру бөлігін күтіп-ұстау жұмыстарының мерзімділігі жабынның беріктігі мен тегістігін сақтау, шаңдану мен ластануды азайту, сондай-ақ қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында белгіленеді.

6 Жол жабдығын және жайластыруды күтіп-ұстау, байланыс және жарықтандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезеңділігі

6.1 Жолдарды күтіп ұстау және жайластыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу мерзімділігі пайдалану талаптарына сәйкес белгіленеді және жол сервисі объектілерін, демалыс алаңдарын және жол маңындағы сервис объектілеріне кірме жолдарды, сондай-ақ шағын сәулет нысандарын орналастыру, жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды қамтиды.

6.2 Көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімділігі 8-кестеде келтірілген көрсеткіштерге сүйене отырып айқындалуы тиіс.

8 - кесте – Жолдарды күтіп-ұстау және жайластыру, байланыс және жарықтандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезеңділігі

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Жол бойындағы және жол сервисі нысандарын (аялдамалар, демалыс орындары, дәретханалар, санитарлық тораптар, күркелер) кезеңді түрде тексеру шаңнан, кірден және қоқыстан тазарту, қоқыс жәшіктерін жуу және дезинфекциялау	Ж	240	
Автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарда қолданыстағы жаяжолдар мен жаяу жүргіншілер жолдарын, оның ішінде жол үсті жүргіншілер өтпелерін күтіп-ұстау және жөндеу	Ж	(1)	
Демалыс орындарын және жол-сервистік нысандарға кіреберіс автомобиль жолдарды: күрделі, жақсартылған, сондай-ақ ауыспалы, топырақты және жамылғысы жақсартылған топырақты жолдарды жаңа материалдарды қоспай немесе қосу арқылы салу және/немесе жөндеу	Ж	(1)	
Демалыс орындарын және жол сервисі нысандарына кіреберіс жолдарды ауыспалы, топырақты және жамылғысы жақсартылған топырақты жолдарды жаңа материалдарды қоспай пішіндеу	Ж	(2)	
Жеке жобаланған шағын сәулет нысандарын орнату және жайластыру	Ж	(1)	
Сәулеттік безендіру және абаттандыру элементтерінің жекелеген зақымданулары мен ақауларын түзету	Ж	(1)	
Санитарлық-гигиеналық объектілерді, дәретханаларды тазалау, дезинфекциялау, қоқыстан тазарту	Ж	36/120	
Ескертпелер			
1 Бөлгіште халық саны 300 мың адамнан асатын қалаларға, әкімшілік орталықтарға кіреберіс жолдарда, елді мекендер арқылы өтетін учаскелерде, курорттық аймақтарда, халықаралық әуежайларға және мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттеріне кіреберіс жолдарда жүргізілетін жұмыстардың мерзімділігі көрсетілген.			
2 Жақша ішіндегі айнымалы көрсеткіш түзету коэффициентін қолдану арқылы түзетілмейді.			

6.2 Жабдықтарды, өлшеу аспаптарын және байланыстың, жарықтандырудың, телекоммуникациялардың бағдарламалық қамтамасыз етілуін, көлік ағыны қозғалысының қарқындылығын бақылауға және мониторингілеуге арналған жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманы орнатуды, қалпына келтіруді және жоспарлы ауыстыруды, сондай-ақ

жарықтандыру жүйелерін жөндеу және жайластыру жөніндегі жұмыстарды орындауды қоса алғанда, қозғалысты диспетчерлік және автоматтандырылған басқаруды ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізу мерзімділігі 9-кестеде белгіленеді.

9 - кесте – Байланыс, жарықтандыру, телекоммуникация, диспетчерлік және автоматтандырылған қозғалысты басқаруға арналған жабдыққа, бақылау-өлшеу құралдарына және бағдарламалық жасақтамаға жөндеу жұмыстарының жиілігі

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Жол бойындағы және жол сервисі нысандарын (аялдамалар, демалыс орындары, дәретханалар, санитарлық тораптар, күркелер, аялдау павильондары) кезеңді түрде тексеру шаңнан, кірден және қоқыстан тазарту, қоқыс жәшіктерін жуу және дезинфекциялау	Ж	12	
Жөндеу аралық кезеңінде стационарлық электр жарықтандыру тіректерін сырлау	Ж	(1)	
Істен шыққан шамдар мен арматураларды, сымдарды, кабельдерді, трансформаторларды, жарықтандыру бағандарын және басқа электрлік жарықтандыру элементтерін ауыстыру, жаңасын орнату	Ж	12	
Трансформаторға техникалық қызмет көрсету	Ж	(2)	
Сыртқы электр жарығы желілерінің электр энергиясы шығындарын өтеу	Ж	(12)	
Орталық басқару пунктін (бұдан әрі - ОБП) жол бойындағы жабдықтарын, дербес жұмыс станцияларын, ұйымдастыру техникасын және байланыс құралдарын, ОБП серверлік, желілік және бейне жабдықтарын жөндеу және күтіп-ұстау	Ж	6	
Көлік ағыны қозғалысы қарқындылығының мониторингілеуге (есепке алу) мен бақылауға арналған бақылау-өлшеу құралдарын, жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманы жөндеу және техникалық қызмет көрсету	Ж	6	
Жол төсемінің температурасын, ылғалдылығын және деформациясын анықтау бойынша өлшеу аспаптарын, датчиктерді жөндеу және күтіп-ұстау	Ж	6	
Автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарды күтіп-ұстауды және жөндеуді жүзеге асыратын көлік құралдарының қозғалысын бақылау үшін навигациялық жүйеге техникалық қызмет көрсету және пайдалану	Ж	12	

9-кестенің соңы

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Заңнамамен белгіленген тәртіппен салыстырып тексеруге жататын тиісті сертификатты, өлшеу аспаптарын ала отырып, жыл сайынғы салыстырып тексеруді жүргізу	Ж	(1)	
Ескертпе – Жақша ішіндегі айнымалы көрсеткіш түзету коэффициентін қолдану арқылы түзетілмейді.			

7 Жол қозғалысын ұйымдастыру, жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары (ЖҚҰТҚ) және жолдардың белсенді және пассивті қауіпсіздігі инфрақұрылымы бойынша жұмыстарды жүргізу кезеңділігі

7.1 Жол қозғалысын ұйымдастыру, ЖҚҰТҚ және жолдардың белсенді және пассивті қауіпсіздігі инфрақұрылымы жөніндегі жұмыстарды жүргізу мерзімділігі жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сәйкес белгіленеді. Құрамға бағдарлам объектілерін қалпына келтіру және оларға қызмет көрсету, экрандар мен қоршауларды орнату және жөндеу, ЖҚҰТҚ элементтерін күтіп-ұстау және ауыстыру, жарықтандыру және байланыс жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ бағалау және инспекциялау бағдарламаларын жүргізуді, жол-көлік оқиғаларын талдауды және қозғалыс қарқындылығының мониторингін қоса алғанда, жол қозғалысының қауіпсіздігін басқару жөніндегі жұмыстар кіреді [5].

7.2 Көрсетілген жұмыстарды орындау кезеңділігі 10-кестеде келтірілген көрсеткіштерге сүйене отырып айқындалуы тиіс.

10 - кесте – Жол қозғалысын ұйымдастыру, ЖҚҰТҚ және жолдардың белсенді және пассивті қауіпсіздігі инфрақұрылымы бойынша жұмыстарды жүргізу кезеңділігі

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
ЖҚҰТҚ кезеңдік тексеру: жол қоршауларын, жол буферлерін, сигналдық бағаналарды, жол белгілерін, бағдарламдарды, ақпараттық көрсеткіштерді, қалқандарды, олардың бекітпелерін тарту, қалқандарды түзету, оларды шаңнан, кірден кірден, қардан және т.б. тазарту (жуу)	Ж	12	
ЖҚҰТҚ зақымдануларын жою, ауыстыру және жөндеу: жол қоршаулары, жол буферлері, сигнал бағандары, жол белгілері, бағдарламдар, ақпараттық нұсқағыштар, қалқандар, оның ішінде ЖКО-дан кейін	Ж	6/12	

10 – кестенің жалғасы

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (п)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Шу жолақтарының, көзді шағылыстыратын және акустикалық экрандардың жай-күйін мерзімді тексеру, оларды шаңнан, кірден, қардан және т.б. тазарту (жуу)	Ж	12	
Ақауларды жою, шу жолақтарын, акустикалық және көзді шағылыстыратын экрандарды (тозған сегменттерді ауыстыра отырып), оның ішінде ЖКО-дан кейін ауыстыру және жөндеу	Ж	6/12	
Жол таңбаларын жарықтандырудың автономды жүйелерінің, жарықдиодты тосқауылдардың немесе жер бетіндегі жарық қайтарғыштардың (катафот), жарық шағылыстырғыш элементтердің жай-күйін мерзімді тексеру, оларды шаңнан, кірден, қардан және т.б. тазарту (жуу)	Ж	12	
11-ын жарықтандырудың дербес жүйелерін, жарықдиодты кедергілерді, не жер үсті катафоттарын, жарық шағылыстыратын элементтерді ауыстыру, жөндеу, және зақымдануларды жою	Ж	6/12	
Автокөліктердің жануарларға, бүйірлік жел көрсеткіштеріне, шағын архитектуралық пішіндер және ландшафт элементтеріне соғылу қаупін азайту мақсатында қар ұстағыш құрылғыларды, орман қорғау металл қоршауларын, автономды жүйелер мен кешендердің жай-күйін мерзімді тексеру, оларды шаңнан, кірден, қардан және т.б. тазарту (жуу)	Ж	12	
Жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды тіркейтін өлшеу құралдарын, аспаптарды, бағдарламалық жабдықты күтіп-ұстау және жөндеу	Ж	12	
Ақпараттық (жарық диодты) жол белгісі және жеке жобалау ақпараты өзгеретін таблосы бар көлік құралының қозғалыс жылдамдығын айқындауға арналған құрылғыларды күтіп-ұстау және жөндеу, оның ішінде оларды жарықтандыру және электрмен жабдықтау, бұл ретте жұмыс көлемі сметалық құжаттамамен айқындалады	Ж	12	
Жол қозғалысы қауіпсіздігін басқару жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезеңділігі			
Жол қозғалысын ұйымдастыру, оның ішінде автомобиль жолдары мен ондағы құрылыстар үшін ЖҚҰТҚ орналасу схемасын (картасын) әзірлеу және келісу (бекіту)	Ж	(1)	

10 – кестенің соңы

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Жолдарды бағалау бағдарламасын жүргізу	Ж	(1)	
Жол қозғалысы қауіпсіздігі инспекциясын жүргізу	Ж	(1)	
Жол қозғалысына қатысушылардың қаза болуына әкеп соққан ЖКО-ға егжей-тегжейлі талдау жүргізу	-	ЖКО болғанына қарай	
Ескертпе			
1 Бөлгіште халық саны 300 мың адамнан асатын қалаларға, әкімшілік орталықтарға кіреберіс жолдарда, елді мекендер арқылы өтетін учаскелерде, курорттық аймақтарда, халықаралық әуежайларға және мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттеріне кіреберіс жолдарда жүргізілетін жұмыстардың мерзімділігі көрсетілген.			
2 Жақша ішіндегі айнымалы көрсеткіш түзету коэффициентін қолдану арқылы түзетілмейді.			

8 Жасанды құрылыстар бойынша жұмыстар жүргізу кезеңділігі

8.1 Жасанды құрылыстарды күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстар тізбесіне көпірлердің, жол құбырларының, туннельдер мен су өткізгіш құбырлардың конструкциялық элементтерін тазалау, қарау, жөндеу және қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ санитарлық жұмыстар, маусымдық операциялар және құрылыстардың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы іс-шаралар енгізілген [5].

8.2 Жасанды құрылыстар бойынша жұмыстар жүргізу мерзімділігі 11-кестеде келтірілген көрсеткіштерге сүйене отырып айқындалуы тиіс.

11 - кесте – Жасанды құрылыстар бойынша жұмыстар жүргізу кезеңділігі

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
«Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабына сәйкес паромдық өткелдерге, реттелетін су өткізгіш құбырлардың шандорлы қақпаларына, қалқыма көпірлерге техникалық қызмет көрсету және күтіп-ұстау, навигациялық жабдықтарды орнату, көпір маңы алаңдарында қалқыма, кеме өту жағдайларын күтіп-ұстау және автомобиль жолдары көпірлеріне кіреберістерде түптітереңдету және түпті тазалау жұмыстарын жүргізу	Ж	(2)	
Сең жүру мен тасқын сулардың өтуін ұйымдастыру, жолдар мен құрылыстарды су тасқынынан, мұздан, кептелістерден, орман және дала өрттерінен қорғау жөніндегі алдын алу жұмыстары	К-Ж-К	(2)	

11 – кестенің жалғасы

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (п)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Су бұру құбырларын, деформациялық жіктердің астындағы су бұру науаларын, деформациялық жіктердегі табақтарды, сүйеніш, тосқауыл жол қоршауларын, арқалықтардың, тірек бөліктерінің, тірек бастиектерінің және ферма астындағы алаңдардың беттерін, конустарды және еңістерді, байқау құрылғыларын (баспалдақтарды, арбалар ауыстыруға арналған ойықтарды, жер үсті және жер асты жаяу жүргіншілер өткелдерін, мал өткелдерін, ауыл шаруашылығы өткелдерін, габиондық құрылыстарды мерзімді тексеру	Ж	6	
Су бұру құбырларын, деформациялық жіктердің астындағы су бұру науаларын, деформациялық жіктердегі табақтарды, сүйеніш, тосқауыл жол қоршауларын, арқалықтардың, тірек бөліктерінің, тірек бастиектері мен ферма алаңдарының, конустардың бетін ауыстыруға және еңістерді, байқау құралдарын (баспалдақтарды, арбаларды) бекітуге арналған ойықтарды, жерүсті және жерасты жаяу жүргіншілер өткелдері, мал өткелдері, ауыл шаруашылығы өткелдері, габиондық құрылыстаршаңнан және кірден (қыс мезгілінде қардан және мұздан) тазарту	Ж	6	
Жасанды құрылыстардың конструктивтік элементтеріне техникалық қызмет көрсету (тірек бөліктерінің жұмыс беттерін графитті композициямен майлау; металл тірек бөліктерінің бұран тарту; күзде шағын көпірлер мен құбырлардың тесіктерін жабу және көктемде ашу; реттелетін су өткізу құрылыстарының шандор жапқыштарына қызмет көрсету)	К-Ж-К	4	7
Жасанды құрылыстардың жекелеген элементтерін жөндеу және ішінара ауыстыру (тірек бөліктерін, сүйеніштерді, жол қоршауларын, төсеніштерді, тіреулерді, еңістерді, қоршау қабырғаларын, аралық құрылыс тақталарын, шкаф қабырғаларын, ашпаларды, дренаж құрылғыларын)	Ж	4	
Жасанды құрылыстардың металл элементтерін - қауіпсіздік қоршауларын, тоттан қорғау үшін қоршауларды тазалау, тегістеу және бояу.	К-Ж-К	(2)	

11 – кестенің соңы

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Жасанды құрылыстардың элементтерін (тірек бөліктерін, аралық құрылымдарын) сыртқы арматуралау жүйесімен жергілікті қалпына келтіру (геометриялық параметрлерді сақтау, сынықтарды, жарықшақтарды, шұңқырларды, эрозияларды жою)	К-Ж-К	4	7
Деформациялық жіктерді жергілікті жөндеу жұмыстарын жүргізу (мастикамен құю, деформациялық жіктер аймағындағы немесе жіктің үстіндегі жабынды ауыстыру, болат элементтері бар деформациялық жіктердің бөлшектерін ішінара ауыстыру)	К-Ж-К	8	14
Мал өткелдерін, габионды құрылыстардың су бұру жүйелеріне (құбырлардың буындары мен секциялары арасындағы жіктері бар және оларды бітейтін құбырларды гидроокшаулау; құбырлар буындарының, бастарының, еңіс қанаттарының, арналардың кіру және шығу бекітпелерінің жекелеген зақымданулары және құбырлардың науаларын түзету, тас нобайын қалпына келтіру) жергілікті жөндеу жұмыстарын жүргізу, үйінділер мен реттеу құрылыстарының жергілікті шайылу орындарын жою	К-Ж-К	3	5
Шағын сәулет нысандарын олардың құрылымын өзгертпей жөндеу және жыл сайын сырлау	Ж	(1)	
Ескертпе - Жақша ішіндегі айнымалы көрсеткіш түзету коэффициентін қолдану арқылы түзетілмейді			

9 Көпір құрылыстары мен туннельдер бойынша жұмыстар жүргізу кезеңділігі

9.1 Көпір құрылыстарын күтіп-ұстау және жөндеу жөніндегі жұмыстардың міндетті түрлері, сондай-ақ олардың кезеңділігі 12-кестеге сәйкес келуі тиіс. Жұмыстар жабындарды, тротуарларды, деформациялық жіктерді, гидроокшаулауды, металл және темірбетон конструкцияларын, тіректер мен реттеу құрылыстарын тазартуды, профилактикалық және ағымдағы жөндеуді қамтиды. Кезеңділік жылына қанша рет болатыны жұмыс типіне, ауданның пайызына немесе құрылымдық элементтердің ұзындығына байланысты анықталады, сондай-ақ пайдалану [5] жағдайлары ескеріледі.

12 - кесте – Көпір құрылыстары бойынша жұмыстар жүргізу кезеңділігі

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Көпірдің үйіндімен, тротуарлармен, су бұру жүйелерімен түйісу орындарында, қоршау құрылғыларының, тротуарлар мен сүйеніштердің сенімділігі (беріктігі), деформациялық жіктердің және гидрооқшаулаудың жай-күйін, сондай-ақ жол элементтерінің тазалығын мерзімді тексеру	Ж	12	
Көпірдің үйіндімен, тротуарлармен, су бұру жүйелерімен, қоршау құрылғыларымен, тротуарлар мен сүйеніштермен түйіскен жерлердегі жол жабының шаң мен кірден (қыс мезгілінде қардан және мұздан) тазарту	Ж	12	
Бөгде заттардан, ластан, қоқыстан, судан, қардан және мұздан тазарта отырып, еңістерді қалпына келтіру, жамылғыны жөндеу, жүру бөлігін, су бұрғышты, су бұру құбырларын және деформациялық жіктерді жөндеу бойынша жедел шараларды қолдана отырып, жүру бөлігінде шалшықтың пайда болуын жою	К-Ж-К	10	7
Металл жол қоршауларының жекелеген элементтерін, су бұру құбырлары мен науаларын, сүйеніштерді, көпірдегі тротуар блоктарын, баспалдақ түсу сатыларын, баспалдақ түсу қоршауларын, конустардың бекітпелерін жөндеу және ішінара ауыстыру	К-Ж-К	8	5
Көпір төсемесінің металл элементтерін - қауіпсіздік қоршауларын, тоттан қорғау үшін қоршауларды тазалау, тегістеу және бояу	К-Ж-К	(1)	
Қарды жою, көктайғаққа қарсы жұмыстарды жүргізу, жамылғының бетіне құм, отын қождары, ұсақталған тастар себу	Қ	10	15
Аралық құрылыстарды, көпірлердің тіректерін, реттеуші құрылыстарды, ақауларды, зақымдануларды анықтау үшін, сондай-ақ көпір құрылыстары элементтерінің тазалығын кезеңдік тексеру	Ж	12	
Ақауларды, зақымдануларды анықтау үшін аралық құрылыстарды, көпірлердің тіректерін, реттеуші құрылыстарды, баспалдақтарды шаңнан және кірден (қыс мезгілінде қардан және мұздан) тазарту	Ж	12	
Сыртқы арматуралау жүйесімен көпір құрылыстарының элементтерін (тірек бөліктері, аралық құрылыстар) жергілікті қалпына келтіру (геометриялық көрсеткіштерді сақтау, сынықтарды, жарықтарды, шұңқырларды, эрозияларды жою), көпір құрылыстарының конустарын нығайту	К-Ж-К	8	5

12 – кестенің соңы

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Айнымалы көрсеткіш (п)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Көпірлердің металл элементтерін, болат аралық құрылыстардың (деформациялық жіктер мен төменгі белдік аймағында), аралық құрылыстардың тіректерін бояумен (қасбет бойынша) бояу немесе темірбетон аралық құрылыстардың гидрофобтандыру	К-Ж-К	1	1
Тік жол таңбаларын тіректерге, автомобиль жолдарының үстінен жол өткізгіштердің қасбеттік арқалықтарына салу	Ж	1	
Қазіргі заманғы бақылаудың бұзбайтын әдістерін пайдалана отырып, металл конструкцияларының жай-күйін, темір-бетон конструкцияларының, бетонның беріктігін (карбонизация, хлоридтердің таралу дәрежесі, арматура коррозиясының мөлшерін анықтау үшін әлеуеттер өрісін өлшеу) мерзімді аспаптық зерттеу	Ж	1	
Металл конструкцияларды, темірбетон конструкцияларды, бетонды олардағы материалдың (бетон, арматура, тас қалау) беріктігі мен төзімділігіне әсер ететін ақауларды (жарықтарды, ақауларды, сынықтарды, ашық арматура) анықтау және көрінетін ақауларды уақтылы жою мақсатында мерзімді тексеру	Ж	1	
Металл конструкциялардың, темірбетон конструкциялардың беттерін шаңнан және кірден (қыс мезгілінде қардан және мұздан) тазарту	Ж	6	
Бетонның одан әрі бұзылуын болдырмау және конструкциялардың көтергіш қабілетінің төмендеуіне немесе жоғалуына жол бермеу үшін полимерлік немесе кальматтық құрамдарды қолдана отырып, жергілікті жөндеу жұмыстарын жүргізу (жарықтар мен сынықтарды бітеу)	К-Ж-К	1	1
Металл конструкцияларын жөндеу жұмыстарын жүргізу, жекелеген ақаулы тойтармаларды беріктігі жоғары болттарға ауыстыру, металл конструкцияларын екі қабат бояу	К-Ж-К	1	1
Ескертпе 1 Жақша ішіндегі айнымалы көрсеткіш түзету коэффициентін қолдану арқылы түзетілмейді 2 Қысқы кезеңде (Қ) жүзеге асырылатын жұмыстардың ауыспалы көрсеткіштері (п) жоспарлы болып табылады және ҚР ВЕЖ 6.1-001 сәйкес диспетчерлік қызметтің деректері мен ауа райының болжамына қарай түзетуге жатады .			

9.2 Конструкциялар мен инженерлік жүйелерді қоса алғанда, туннельдерді күтіп-ұстау және жөндеу жұмыстарының түрлері 13-кестеге сәйкес келуі тиіс.

Ескертпе – Жұмыстар жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді, тексеру мен диагностика жүргізуді, элементтерді тазалау мен жууды, жөндеу және профилактикалық іс-шараларды қамтиды. Кезеңділік жылына қанша рет болатыны ауданның пайызына немесе құрылымдық элементтердің ұзындығына байланысты анықталады, немесе пайдалану жағдайларына қарай белгіленген.

13 - кесте – Туннельдер бойынша жұмыстар жүргізу кезеңділігі

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Ауыспалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Геодезиялық-маркшейдерлік жұмыстар (туннельді өңдеу, қазба нысанының өзгеруін анықтау)	Ж	0,5	
Туннель конструкцияларының элементтерін (жүру бөлігі, тротуарлар, жиектер, жол қоршаулары, туннель күмбезі, туннель қабырғалары, қызметтік өткелдер, қызметтік камералар, шахта оқпандарының беттері, сервистік штольнялар, қауіпсіздік камералары) ақауларды, әдеттегі жағдайдан ауытқуларды анықтай отырып, мерзімді тексеру	Ж	12	
Туннель құрылымының элементтерін (жүру бөлігі, жаяужолдар, кедергі қоршаулар, қызметтік өткелдер, камералар, шахта оқпандарының беттері, сервистік ұңғымалар, су өткізгіш құрылыстар) шаң мен кірден тазарту	Ж	12	
Туннель конструкцияларының элементтерін (жүру бөлігі, тротуарлар, жиектер, жол қоршаулары, туннель күмбездері, туннель қабырғалары, қызметтік өткелдер, камералар, шахта оқпандарының беттері, сервистік штольнялар, қауіпсіздік камералары) механикаландырылған тәсілмен жуу	К-Ж-К	9	5
Туннель конструкцияларының элементтерін бояу, ақтау (жиектер, жол қоршаулары, туннель күмбезі, туннель қабырғалары, қызметтік өту жолдары, қызметтік камералар, шахта оқпандарының беттері, сервистік штольнялар, қауіпсіздік камералары)	К-Ж-К	1	
Қарды жою, көктайғаққа қарсы жұмыстарды жүргізу, жамылғының бетіне құм, отын қождарын, ұсақталған тастар себу	Қ	10	15

13-кесте соңы

Жұмыс түрлері	Жұмыстарды жүргізу маусымдылығы (ЖМ)	Ауыспалы көрсеткіш (n)	
		1 – аймақ	2 – аймақ
Ақауларды, қалыпты жағдайдан ауытқуларды анықтай отырып, су бұру құрылыстарының (су бұру құбырларының, су бұру науаларының, дренаж ұңғымалары қуыстарының, су қабылдағыш құдықтардың, гидротығындағыштардың, құдықтардың қайта іске қосу құбырларының қуыстарының) жай-күйін мерзімді тексеру	Ж	12	
Су бұру құрылыстарын (су бұру құбырларын, су бұру науаларын, дренаж ұңғымаларының қуыстарын, су қабылдау құдықтарын, гидрожинағыштарды, қайта іске қосу құдықтарының қуыстарын) лас және қоқыс қалдықтарынан (қыс мезгілінде қардан және мұздан) қолмен тазарту	Ж	12	
Инженерлік жүйелерге (желдету, жарықтандыру, энергиямен жабдықтау, өрт қауіпсіздігі, түтінге қарсы қорғаныс, дабыл беру, бейнебақылау, байланыс, хабарлау, сондай-ақ аспаптарға, датчиктерге, жабдыққа, кабельдік желілерге) техникалық қызмет көрсету тұрақты жүзеге асырылады	Ж	12	
Туннель конструкцияларында ақаулардың (зақымданулардың) пайда болуы бойынша профилактикаға және жоспарлы алдын-ала жөндеу (ЖАЖ) жатқызылған жұмыстарды орындау	Ж	2	
